

Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 20 наурыз N 1610. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.18. N 2367 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес және ұлттық валютаның енгізілуіне байланысты қаулы етемін:

1. Былай болып белгіленсін:

- бағалы қағаздар, атап айтқанда: еңбек ұжымының акцияларынан, 1992 жылғы КСРО мемлекеттік ішкі заемның облигацияларынан, КСРО мемлекеттік қазыналық міндеттемелерінен, КСРО Жинақ банкінің сертификаттарынан, Қазақстан Республикасының Үкіметі шығаратын бағалы қағаздардан басқа түрлеріне, айналым шарттары мен номиналына қарамастан акциялар /акциялар сертификаттары/, облигациялар, вексельдер сатып алу-сату және оларды құрылтайшылары арасында орналастыру жөніндегі операциялар салық салу объектілері болып табылады;

- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салық мынадай жағдайларда салынады:

- эмитенттен - бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісін тіркегенде - эмиссияның номинал құнының 0,5 проценті мөлшерінде:

- мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесін жасағанда - әрбір 10 теңгеден 1 тиын мөлшерінде;

- бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесін жасағанда - әрбір 10 теңгеден 3 тиын мөлшерінде;

- бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесін жасағанда олар тіркелгеннен кейін салық әрбір мәміледен ақы түрінде бағалы қағаздарды сатып алушылардан ғана алынады;

- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық клиенттің есебінен және оның тапсыруы бойынша бағалы қағаздармен сауда жасайтын делдалдық мекемелерге ғана салынбайды;

- биржалық және биржадан тыс нарықта делдалдық мекемелер арқылы мәмілелер жасағанда бағалы қағаздар сатып алушылар бір мезгілде бағалы қағаздар сатып алу-сату шартын ресімдей отырып, қор биржаларының есеп

айырысу бөлімдерінің, тауар және өзге де биржалардың қор бөлімдерінің, делдалдық фирмалардың шоттарына салық төлейді;

- бағалы қағаздар сатып алу-сату жөніндегі мәмілелер тікелей сатушылар мен алармандар арасында ресімделгенде салықты соңғылары салықтың бюджетке дер кезінде және толық төленуі үшін жауапкершілік жүктелген сатушылардың шоттарына төлейді;

- салық төлемгерлері тоқсанына бір рет салық органдарына пайдаға салынатын салық бойынша тоқсандық баланстарды беру үшін көзделген мерзімде салық сомаларының есеп-қисабын табыс етеді.

2. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол жаңадан сайланған

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі тиісті Заң қабылданғанға дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне енгізілсін.

4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті